



Бекітемін

Мектеп директоры: Н.Ақыбаева

Абай атындағы орта мектебінің 2023-2024 оқу жылында  
ата-аналар комитетімен бірге атқарылатын мектепшілік  
жұмыс жоспары

Ақжар ауылы

«Абай атындағы орта мектебі»КММ

2023-2024 оқу жылында ата-аналар комитетімен бірге атқарылатын жылдық жұмыс жоспары

№	Орындалатын жұмыстар	Уақыты	Жауапты
1.	Ата-аналар комитетінің өткен жылының есебі. Ата-аналар кеңесінің 2023-2024 оқу жылына құрамын сайлау. Жылдық жұмыс жоспарын бекіту.	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі, Ата-аналар
2.	Ата-аналарға педагогикалық және психологиялық консультацияны ұйымдастыру.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, Психолог, Сынып жетекшілер
3.	Барлық сыныптар бойынша ата-аналар комитетін сайлау, жұмыс жоспарын жасау.	Қыркүйек	Сынып жетекшілер
4.	Мектептегі тәрбиеге қиындық келтірілген оқушылармен атқарылатын жұмыстар.	Жыл бойы	Сынып жетекшілер, Ата-аналар комитеті
5.	Ата-аналар комитетінің отырысы. Ағымдағы мәселелер.	Тоқсан сайын	Мектеп әкімшілігі, Сынып жетекшілер, Ата-аналар комитеті
6.	Мектепте өтілетін іс-шаралармен уақытында хабардар болып отыру. Ағымдағы мәселелер.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, Сынып жетекшілер, Ата-аналар комитеті, Психолог, әлеуметтік педагог
7.	Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру, бірлескен жұмыстар	Желтоқсан	Сынып жетекшілер, Ата-аналар
8.	Мектептегі аз қамтамасыз етілген, тұрмысы төмен отбасыларды анықтау.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог, Сынып жетекшілер, Ата-аналар комитеті.
9.	9,11 сынып оқушыларын мемлекеттік емтиханға дайындық жұмыстарына ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі, Сынып жетекшілер, Ата-аналар комитеті
10.	Ата-аналар жиналысына баяндама оқу.	Тоқсан сайын	Психолог
11.	Мектептегі қолайсыз отбасы балаларын анықтау, олармен жұмыстар жүргізу.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог, Ата-аналар комитеті
12.	Наурыз мерекесін ұйымдастыру, бірлескен жұмыстар.	Наурыз	Мектеп әкімшілігі, Сынып жетекшілер, Ата-аналар комитеті
13.	Ата-аналарды тәрбиелік шараларға қатыстыру.	Жыл бойы	ДТІЖО, Сынып жетекшілер
14.	Оқу жылын қорытындылау.	Мамыр	Мектеп әкімшілігі, Ата-аналар комитеті

Е.Искаков  
М.Кенжебаева

ДТІЖО:

*С.Исмаилов*



# Ата-аналар қауымдастығының

## I Жалпы ереже.

1. Абай атындағы орта мектептің ата-аналар қауымдастығы сыныптардағы барлық ата-аналар қауымдастығының жұмысын үйлестіріп, біріктіретін қоғамдық ұйым.
2. Мектептің ата-аналар қауымдастығы – мектептің қосымша кеңесші ұйым болып табылады.
3. Өз қызметінде қауымдастың ҚР-ның Конституциясы, ҚР-ның «Білім туралы» Заңын және осы ережені басшылыққа алады.

## II Қауымдастың негізгі міндеті мен қызметі.

### 1. Міндеттері

1. Педагогика жүйесінің тиімділігін дамытумен мектеп оқушыларының көзқарасын қорғаудағы әр түрлі қоғамдық ұйымдармен аралық одақтастығын жасау.
2. Ата-аналарды мектеп өміріне белсене қатыстыру, мектептен және сыныптан тыс жұмыстар ұйымдастыру, мөлтек аудандар бойынша тәрбие жұмыстарын жүргізу, оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарын дамытуға ықпал ету.
3. Патриоттық тәрбиеге, салауатты өмір салтын насихаттауға, жасөспірімдер арасындағы қылмыстық алдын-алуға, жастар мен жасөспірімдер тәрбиесіне бүкіл қоғамның назарын аударуға, балалар арасындағы қылмысты азайтуға, нашақорлықпен алкогольизмге қарсы ықпал жасау.
4. Ата-аналар жиналыстарында, конференция, дөңгелек стол бағытында пікір алмасу, лекторлар тобын құру, ата-аналар денгейі шеңберінде педагогикалық және психологиялық тақырыптарда жиналыстар өткізу.
5. Мектептің материалды – техникалық, оқу базасын нығайтуға көмек жасау.
6. Оқушылардың жазғы демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастырылуын және ыстық тамақтың берілуін қадағалайды.
7. Мектеп оқушыларының тәрбиесіне ата-аналардың жауапкершілігін арттыру.

### 2. Қызметі

1. Ата-аналардың баспасөз арқылы ашық педагогикалық байланыс әрекетін ұйымдастыру.
2. Үлгілі жанұяларды, мадақтау, оларды өмір тәжірбиесі туралы мағұлматтарды мектеп әкімшілігіне ұсыну.
3. Әр түрлі мерекелер мен шараларды өткізуге, ұйымдастыруға қатысу.
4. Әр түрлі проблемасы бар ата-аналарға практикалық көмек көрсету бағытында ұсыныстар әзірлеу.
5. Қиын өмірлік жағдайға ұшыраған отбасына және балаларға көмек жасайтын акцияларға бастамашы болу.

### **3. Қауымдастықтың құрамы.**

1. Қауымдастықтың құрамы жалпы ата-аналар жиналыстарында сайланады.
2. Қауымдастықтың құрамына ата-аналар, педагогикалық қызметкерлердің т.б өкілдері кіреді.
3. Қауымдастықтың төрағасы, орынбасары, хатшысы қауымдастықтың өз отырысында сайланады.

### **4. Қауымдастықтың жұмыс реттілігі.**

1. Қауымдастықтың отырысы қажет болса кезектен тыс өткізіледі, бірақ тоқсанына бір рет өткізіледі.
2. Қауымдастықтың отырысында қаралатын мәселерді төраға қауымдастықтың шешіміне, қауымдастық мүшелерінің қатысуымен қауымдастықтың отырысында бекітілді.
3. Қауымдастықтың шешімі олардың мүшелерінің 2/3 қатысқанда заңды болады.
4. Әртүрлі бағаттағы жұмысты ұйымдастыру үшін, жұмысшы тобы құрылады, оған қауымдастық мүшелері жетекшілік етеді.
5. Қауымдастықтың жоспары, қауымдастықтың отырысында қаралады және қауымдастықтың төрағасы бекітеді.

### **5. Қауымдастықтың шешімі.**

1. Қауымдастықтың шешімі көпшілік дауыспен қабылданады, хаттама жазылады, оған төраға немесе орынбасарларымен хатшысы қол қояды.